

Индер ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерінің мемлекеттік тапсырысын бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 201 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 қыркүйекте № 3622 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 235 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 29.09.2017 № 235 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Индер ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұсынылып отырған Индер ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерінің мемлекеттік тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Нұрлыбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Арыстан

Индер ауданы әкімдігінің 2016 жылғы "13" қыркүйектегі № 201 қаулысымен бекітілді

Индер ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерінің мемлекеттік тапсырысы

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мекемелерінде тәрбиеленушілердің саны	Мектепке дейінгі мекемелерде жан басына шағып қаржыландырудың мөлшері айына (теңге)	Мектепке дейінгі білім мекемелерінде ата-ананың ақы төлеу мөлшері айына (теңге)

Республикалық бюджет есебінен	Жергілікті бюджет есебінен	Балабақша	Күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)		Айына бір баланың тамағына шығын теңге (көп емес)	
			Бөбекжай	Бақша	Бөбекжай	Бақша
309	514	30 023	350	400	7 700	8 800

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК